

2024 жылғы «13» қыркүйектегі  
02-2/4690 хатқа  
№ 1 қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім беру ұйымдарының және деңсаулық сақтау саласындағы  
ғылыми ұйымдардың сайттарында орналастыру үшін ақпарат**

«Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы білім беру тапсырысы негізінде білім алған жас мамандар мен философия докторларының (PhD) жұмыспен өтеу және жұмыс өтелмеген жағдайда олардың оқуына бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу жөніндегі өз міндеттерін орындауды мониторинг пен бақылауды қамтамасыз ететін білім беру саласындағы үәкілетті органның операторы ретінде ЖЖОКБҰ-да немесе ДССFY-да білім алушының, сондай-ақ бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және докторантура бойынша оқу бітірушінің «Қаржы орталығы» АҚ-ға келісімін беру («511») немесе келісім беруден бас тарту («512») туралы ұсынысты қамтитын «1414» байланыс орталығынан келген SMS - хабарламаға 15 минут ішінде жауап беруге мүмкіндік берілетінін, көрсетілген уақыт өткен соң хабарлама өзектілігін жоғалтатынын хабарлайды.

ЖЖОКБҰ-да немесе ДССFY-да білім алушыдан, сондай-ақ бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және докторантура бойынша оқу бітірушіден «1414» байланыс орталығына дербес деректерді жинауге және өндеуге **«511» (келісім) хабарлама** жіберілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен дербес деректерді жинау және өндеу үшін «Қаржы орталығы» АҚ-ға шектеулі деректер – жұмыс берушінің БСН-і немесе ЖСН-і, ұйымның атауы, жұмыс берушінің мекенжайы және міндетті зейнетакы жарналарының тұсу кезеңдері туралы ақпарат ұсынылады.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтінде **«Қаржы орталығы» АҚ** үшін құпия сипаттағы басқа дербес деректер **көрсетілмейді**.

«1414» байланыс орталығына дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім беруден бас тарту **«512» (келісім бермеу) хабарламасы** жіберілген жағдайда ЖЖОКБҰ-да немесе ДССFY-да білім алушы, сондай-ақ бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және докторантура бойынша оқу бітіруші үшжылдық немесе екіжылдық жұмыспен өтеу мерзімі аяқталғанға дейін міндеттеменің орындалуы туралы растау құжаттарын **«Қаржы орталығы» АҚ-ға** өз бетінше жіберіп тұруы қажет болады.